

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ**



Директор

БЕКІТЕМІН

Ж.М. Шонбаев

« 5 »

09

2026 ж.

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Әлеуметтік педагог

Саматова С.Т.

НОРМАТИВТІК НЕГІЗ ЖӘНЕ ЖОСПАРДЫ ҚҰРУ ҚАҒИДАТЫ

Негізгі тікелей нормативтік тірек – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары» (2026 жылғы 29 мамырдағы №144-НҚ бұйрықпен жаңа редакцияда). Қағидалар әлеуметтік педагогті ППҚҚ құрамына енгізеді және қолдаудың диагностикалық, консультативтік, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттарын белгілейді.

Екінші негізгі құжат – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары». Оның білім беру ұйымының әлеуметтік педагогіне арналған нормалары әлеуметтік жағдайды зерделеу, проблемаларды анықтау, әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді айқындайды.

Жоспарды іске асыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңдары, неке-отбасы және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы актілер, сондай-ақ білім алушыларды тамақтандыру, әлеуметтік көмек, қауіпсіздік және профилактика мәселелерін реттейтін қолданыстағы нормативтік құжаттар басшылыққа алынады.

ТҮСІНІК ХАТ

Әлеуметтік педагогтың негізгі мақсаты – білім алушылардың әлеуметтік әл-ауқатын зерделеу, әлеуметтік тәуекел факторларын ерте анықтау, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға уақтылы көмек ұйымдастыру және мектеп, отбасы, интернат пен мүдделі органдар арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіру.

Мектептің ерекшелігі: ұйым дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-лицей-интернат болғандықтан, әлеуметтік-педагогикалық жұмыста білім алушылардың жаңа ортаға және интернаттық өмірге бейімделуіне, жоғары оқу жүктемесі жағдайындағы әлеуметтік қолдауға, құрдастар ортасындағы қолайлы ахуалға, отбасы–мектеп–интернат байланысына және әлеуметтік қолжетімділікке басымдық беріледі. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы жұмыс бағыттары бұл жоспарға енгізілмейді.

Негізгі міндеттер

- мектептің әлеуметтік паспортын қалыптастыру және оқу жылы ішінде өзектендіру;
- әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларды анықтау, санаттары бойынша деректерді жүйелеу және өзгерістерді бақылау;
- білім алушының әлеуметтік ортасын, тұрмыс жағдайын, бейімделуін және әлеуметтік тәуекел факторларын зерделеу;
- тегін/жеңілдетілген тамақтану, материалдық көмек және өзге де әлеуметтік қолдау шараларына құжаттарды белгіленген тәртіппен рәсімдеуге қатысу;
- баланың құқықтары бұзылуының, қараусыз қалудың, зорлық-зомбылықтың, буллинг пен кибербуллингтің, бопсалаудың және өзге де әлеуметтік тәуекелдердің алдын алуға қатысу;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге), педагогтерге және білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық консультация беру;

- ППҚҚ мамандарымен, сынып жетекшілерімен, тәрбиешілермен, медицина қызметкерлерімен және қажет болғанда уәкілетті органдармен командалық жұмыс жүргізу;
- жүргізілген жұмыстың нәтижелілігін мониторингтеу, тоқсандық және жылдық талдау жасау.

Жоспардың ұсынылатын негізгі бөлімдері

- Ұйымдастыру-талдау және құжаттамалық жұмыс
- Әлеуметтік диагностика және әлеуметтік паспорт
- Әлеуметтік қорғау және баланың құқықтарын қамтамасыз ету
- Профилактикалық және жеке сүйемелдеу жұмысы
- Білім алушылармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс
- Ата-аналармен (заңды өкілдермен) және отбасымен жұмыс
- Педагогтермен, ППҚҚ және ведомствоаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл
- Әдістемелік жұмыс, мониторинг, есеп және кәсіби даму

ОҚУ ЖЫЛЫ БАСЫНДА ТОЛТЫРЫЛАТЫН БАСТАПҚЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘЛІМЕТТЕР

Көрсеткіш	Нақты мәлімет
Білім алушылардың жалпы саны	254
Интернатта тұратын білім алушылар саны	78
Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-
Қорғаншылық/қамқоршылықтағы балалар	-
Көпбалалы отбасылардан шыққан балалар	86
Аз қамтылған/әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балалар	1
Толық емес отбасылардан шыққан балалар	15
Тегін/жеңілдетілген тамақтанумен қамтылатындар	1
Материалдық көмекке мұқтаж деп анықталғандар	1
Профилактикалық/жеке сүйемелдеуді қажет ететін білім алушылар	1
Басқа өңірден/ауылдық жерден келген, бейімделуді қажет ететін интернат тәрбиеленушілері	59

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның мазмұны	Мерзімі	Жауапты/бірлесіп орындаушылар	Нәтиже, растайтын құжат
I. Ұйымдастыру-талдау және құжаттамалық жұмыс				
1	2025–2026 оқу жылындағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың нәтижелерін талдау, проблемалар мен басымдықтарды айқындау.	Тамыз–қыркүйек	Әлеуметтік педагог, ДТДЖО	Талдау анықтамасы
2	2026–2027 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтің жылдық жоспарын ППҚҚ және мектептің тәрбие жоспарының міндеттерімен сәйкестендіру.	Тамыз–қыркүйек	Әлеуметтік педагог, ДТДЖО	Бекітілген жоспар
3	Әлеуметтік педагогтің жұмыс құжаттарын жүйелеу: есепке алу тізімдері, өтініш/консультация журналы, актілер, мониторинг материалдары, есептер.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Жұмыс папкалары/электрондық база
4	ППҚҚ отырыстарына қатысу, әлеуметтік сипаттағы жағдайлар бойынша командалық шешімдер мен ұсынымдар әзірлеу.	Жоспарға сәйкес, қажеттілігіне қарай	ППҚҚ құрамы	Хаттама/ұсыным
II. Әлеуметтік диагностика және әлеуметтік паспорт				
5	Сынып жетекшілерінен білім алушылардың әлеуметтік жағдайы туралы бастапқы мәліметтер жинау және верификациялау.	Қыркүйек, әрі қарай өзгеріс болғанда	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Жинақталған мәлімет
6	Мектептің әлеуметтік паспортын қалыптастыру және тоқсан сайын өзектендіру.	Қыркүйек; тоқсан сайын	Әлеуметтік педагог	Әлеуметтік паспорт
7	Әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылардың санаттары бойынша тізімдерін қалыптастыру/жаңарту.	Қыркүйек; жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Жабық тізімдер
8	7-сыныпқа және жаңадан	Қыркүйек–қазан	Әлеуметтік педагог,	Мониторинг анықтамасы

	қабылданған білім алушыларға, әсіресе басқа аудан/ауылдан келіп интернатқа орналасқан дарынды балаларға әлеуметтік бейімделу мониторингін жүргізу.		психолог, тәрбиешілер, сынып жетекшілері	
9	Қажет болған жағдайда білім алушының отбасы/тұрғын-тұрмыс жағдайын зерделеу.	Қажеттілігіне қарай	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, тиісті мамандар	Зерделеу актісі
III. Әлеуметтік қорғау және баланың құқықтарын қамтамасыз ету				
10	Тегін немесе жеңілдетілген тамақтануға құқығы бар білім алушыларды анықтау, құжаттарының толықтығын тексеруге және рәсімдеуге қатысу.	Қыркүйек; жыл бойы	Әлеуметтік педагог, жауапты комиссия/әкімшілік	Тізім, құжаттар топтамасы
11	Мектеп асханасындағы тамақтанудың ұйымдастырылуына қоғамдық/мектепшілік мониторинг құрамында қатысу.	Жоспарға сәйкес	Комиссия мүшелері, медицина қызметкері, әлеуметтік педагог	Мониторинг актісі
12	Материалдық көмекке мұқтаж білім алушыларды анықтау және қолданыстағы тәртіппен көмек тағайындауға құжаттарды дайындауға қатысу.	Қыркүйек және қажеттілігіне қарай	Әлеуметтік педагог, комиссия	Құжаттар, комиссия шешімі
13	«Мектепке жол» және өзге де әлеуметтік-қайырымдылық шараларын ұйымдастыруға қатысу.	Тамыз–қыркүйек; акция мерзімінде	Әлеуметтік педагог, әкімшілік, қамқоршылық/серіктестер	Анықтама, көмек есебі
14	Әлеуметтік санаттағы білім алушылардың оқулықтармен, оқу құралдарымен және қажет жағдайда киім/кеңсе тауарларымен қамтамасыз етілуін бақылау.	Қыркүйек; қажеттілігіне қарай	Әлеуметтік педагог, кітапхана, сынып жетекшілері	Анықтама/тізім
15	Баланың құқықтары немесе қауіпсіздігі бұзылғаны туралы белгі түскен жағдайда мектеп алгоритміне сәйкес әрекет ету және уәкілетті тұлғаларға хабарлау.	Қажеттілігіне қарай	Әлеуметтік педагог, әкімшілік, ППҚҚ	Қызметтік жазба/кейс құжаты
IV. Профилактикалық және жеке сүйемелдеу жұмысы				

16	Әлеуметтік тәуекел белгілері бар білім алушыларды ерте анықтау және жеке әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу жоспарын әзірлеу.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, ППҚҚ	Жеке сүйемелдеу жоспары
17	Білім алушылармен жеке әлеуметтік-педагогикалық әңгімелер және консультациялар жүргізу.	Қажеттілігіне қарай	Әлеуметтік педагог	Консультация журналы
18	«Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы Балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған «ДОСБОЛЛiКе» антибуллингтік бағдарламасы («Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты, 2025)	Тоқсан сайын/жоспар бойынша	ДТДЖО, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілері	Антибуллингтік жоспар, профилактикалық іс-шаралар, сауалнама, мониторинг
19	Сабаққа қатысуы, тәртібі немесе әлеуметтік бейімделуінде тұрақты қиындық байқалған білім алушылар бойынша командалық талдау.	Ай сайын/қажеттілігіне қарай	Әлеуметтік педагог, ДТДЖО, сынып жетекшісі, психолог	Кейс хаттамасы/ұсыным
20	Балалар еңбегінің ең нашар түрлерінің, қанаудың және заңсыз еңбекке тартудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысы.	Сәуір–мамыр	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Ақпараттық материал/анықтама
V.Білім алушылармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс				
21	«Қоғамға қызмет ету»/волонтерлік бастамаларға әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет ететін балаларды кемсітпей, барлық білім алушылардың тең қатысуына жағдай жасау.	Қазан–сәуір	Әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, ДТДЖО	Іс-шара есебі
22	Білім алушыларға өз құқықтары,	Жылына кемінде 2 рет	Әлеуметтік педагог	Ақпараттық

	міндеттері, әлеуметтік көмек алу жолдары және көмекке жүгіну тетіктері туралы ақпарат беру.			кездесу/жадынама
23	9–11 сынып білім алушыларының кәсіби және білім беру траекториясын таңдауда әлеуметтік қолдау көрсету; гранттар, олимпиадалық/жобалық мүмкіндіктер және жоғары білімге қолжетімділік туралы ақпараттандыруға қатысу.	Қаңтар–сәуір	Педагог-кәсіптік бағдар беруші, әлеуметтік педагог, психолог	Консультация/мониторинг
VI. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) және отбасымен жұмыс				
24	7-сынып және жаңадан келген білім алушылардың ата-аналарына мектеп/интернатқа бейімделу және баланы қолдау мәселелері бойынша ақпараттық кездесу.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілері	Кездесу материалы
25	Әлеуметтік көмек, баланың құқықтары, отбасылық жауапкершілік және қолдау қызметтеріне жүгіну бойынша ата-аналарға жеке консультация беру.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Консультация журналы
26	Қолдауды қажет ететін отбасылармен кері байланыс және жағдай динамикасын бақылау.	Ай сайын/қажеттілігіне қарай	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Динамика жазбасы
27	Мерекелік/әлеуметтік іс-шараларға қатысатын балаларды іріктеу қажет болған жағдайда ашық және құжатталған өлшемшарттармен ұсыныс енгізу.	Іс-шара мерзіміне сәйкес	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, комиссия	Ұсыныс/хаттама
VII. Педагогтермен, ППҚҚ және ведомствоаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл				
28	Сынып жетекшілеріне әлеуметтік паспорт, әлеуметтік санаттар және тәуекел белгілері бойынша әдістемелік түсіндіру беру.	Қыркүйек; қажетіне қарай	Әлеуметтік педагог	Нұсқаулық/кеңес материалы
29	Қажет болған жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық,	Қажеттілігіне қарай	Әкімшілік, әлеуметтік педагог	Хат/сұрау/жауап/хаттама

	денсаулық сақтау, полиция, әлеуметтік қорғау және өзге уәкілетті ұйымдармен өзара іс-қимыл.			
30	Интернат тәрбиешілерімен бірлесіп тәрбиеленушілердің бейімделуін, тұрмыстық жағдайын, құрдастар ортасындағы қарым-қатынасын, бос уақытын және ата-анамен байланысын талдау.	Ай сайын	Әлеуметтік педагог, интернат меңгерушісі/тәрбиешілер	Қысқаша мониторинг
VIII. Әдістемелік жұмыс, мониторинг, есеп және кәсіби даму				
31	Әлеуметтік-педагогикалық қолдау нәтижелерінің тоқсандық мониторингін жүргізу.	Тоқсан соңында	Әлеуметтік педагог	Мониторинг анықтамасы
32	Әлеуметтік педагогика, бала құқықтары, дарынды білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі, интернаттық орта және профилактика бойынша біліктілікті арттыру іс-шараларына қатысу.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Сертификат/әдістемелік өнім
33	Педагогикалық/әдістемелік кеңестерде әлеуметтік жағдай бойынша талдамалық ақпарат ұсыну.	Жартыжылдықта 1 рет	Әлеуметтік педагог	Талдау/баяндама
34	Жылдық жұмыстың қорытынды есебін әзірлеу және келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу.	Мамыр–маусым	Әлеуметтік педагог	Жылдық есеп

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы.
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы.
4. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» (2026 жылғы 29 мамырдағы №144-НҚ бұйрықпен енгізілген өзгерістерді ескере отырып).
5. ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (қолданыстағы редакциясы).

6. Әлеуметтік көмек, тамақтандыру, профилактика, дербес деректерді қорғау және бала қауіпсіздігі мәселелері бойынша қолданыстағы салалық нормативтік актілер мен білім беру ұйымының жергілікті актілері.

Әлеуметтік педагог Саид Саматова С.Т.